



Sultangazin University

ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY  
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİ  
QOSTANAI OBLYSY ÁKİMDİGİNİŇ BİLİM BASQARMASY  
QOSTANAI q. «PEDAGOGİKALYQ SHEBERLİK ORTALYĠY» FİLİALY



ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY  
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİNİŇ  
80 JYLDYĠYNA ARNALĠAN ALTYN SARIN OQÝLARY  
**«Bilim berý praktikasy sapasyn  
joġarylatýdyň ózekti máseleleri»**  
atty halyqaralyq ġylymı-praktikalyq konferensiasynyň

**MATERIALDARY**

I KİTAP



I КНИГА

**МАТЕРИАЛЫ**

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ  
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА  
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА

**«Актуальные проблемы повышения  
качества образовательной практики»**

Qostanai q., 2019 j.  
г.Костанай 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

Б 94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ  
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айнализева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенұлы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

**Б 94 БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 395 б.**

**ISBN 978-601-7934-67-5**

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

**ӘОЖ 37.0 (063)**

**КБЖ 74.00**

**ISBN 978-601-7934-67-5**

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

стали бы целью жизни каждого человека, предметом собственных стремлений и личного счастья" [3].

#### Список литературы:

1. Пресс-служба Акорды. Статья Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». – 12 апреля 2017 года. [Электронный ресурс]. [http://www.akorda.kz/ru/events/akorda\\_news/press\\_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya](http://www.akorda.kz/ru/events/akorda_news/press_conferences/statya-glavy-gosudarstva-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya)
2. Стратегия развития духовно-нравственного воспитания личности в Республике Казахстан в условиях обновления содержания образования. – Астана, Ақорда, 2013.
3. Азбука нравственного воспитания: Пособие для учителя. / Под ред. И.А. Каирова, О.С. Богдановой.– М.: Просвещение, 1997– 17с.

### «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ

Борамбаева Айгуль Бейсембаевна,  
Изделеева Галия Аудановна,  
Нурканова Анара Тургунбековна,  
казак тілі мен әдебиеті мұғалімдері,  
«Әуликөл ауданы әкімдігінің білім бөлімінің  
№121 Құсмұрын орта мектебі»ММ

#### Аннотация

*Бұл мақалада «Рухани жаңғыру» бағдарламасын қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жүзеге асыру жолдары жайлы айтылған. Әсіресе, осы бағыт бойынша жасалған жұмыстар легі берілген. Осы бағытта түйін жасалып, ұсыныстар берілген. Бұл мақаланы жазудағы басты мақсат – тақырып аясында жинақталған тәжірибені бөлісу, тәжірибені жинақтау арқылы білім берудің өзекті мәселелерінің шешілу жолдарын ортаға салу.*

#### Аннотация

*В данной статье говорится о путях реализации программы «Руханижаңғыру» на уроках казахского языка и литературы. Особенно, по данному направлению потока. В этом направлении были сделаны выводы, даны рекомендации. Главная цель написания данной статьи-поделиться накопленным опытом в рамках темы, обобщить и поделиться опытом, своими проблемами в решении актуальных проблем образования.*

#### Abstract

*This article refers to implementation of the program "RouhaniGangyru" at lessons of the Kazakh language and literature. Especially in this direction of flow. Conclusions and recommendations were made in this direction. The main purpose of this article is to share the experience gained in the framework of the topic, to summarize and share experiences, their problems in solving urgent problems of education.*

**Түйінді сөздер:** қазақ тілі, әдебиеті, рухани жаңғыру, бағдарлама, жүзеге асыру, іс-шаралар, тәжірибе, ұсыныс, мәселе, шешілу жолдары.

**Ключевые слова:** казахский язык, литература, духовная модернизация, программа, реализация, мероприятия, опыт, предложение, проблемы, пути решения.

**Keywords:** Kazakh language, literature, spiritual modernization, program, implementation, activities, experience, proposal, problems, solutions.

Еліміздің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ұлт көшбасшысы ретінде ұлтымыздың басты ерекшеліктерін сақтап қалу бойынша жыл сайынғы жұртына арналған жолдауларында бірнеше саяси-мәдени және әлеуметтік мәселелерді үнемі сөз етеді. Солардың бірі – қоғам санасы. Әсіресе, қоғам санасын ашық ету, ояту, әрбір

әлеуметтік-саяси, мәдени және т.б. әрекеттер мен жаңашылдықтардың барлығын саналы түрде ойластыру, саналы түрде түсінікті тұрғыда жүзеге асыру. Бұл тапсырмасы білім беру ұйымдарында, әрине, білім беру мен тәрбие беру үрдісі арқылы жүзеге асырылады. Біз орыс тілде білім мен тәрбие беретін білім ордасында жұмыс атқарғандықтан өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді сусындату барысында Елбасымыздың көптеген жолдауларын үнемі негізге алып отырамыз. Сол жолдаулардың бірі – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Аталмыш мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Отанымыздың игілігіне жарату жолындағы мақсат-мұраттар мен мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отырғандығы айдан анық. Осы орайда ұлттық код дегеніміз не? Бүгінде кең қолданылатын код деген сөзді құлыпты ашатын құпия кілт ұғымында түсінуге болар. Яғни, қазақтың ұлттық коды деп қазақ халқының жаратылысын, табиғатын, рухани бітімін, болмысын, өмір салтын айқындайтын белгілерді айтқан абзал. Демек, тарихи тамыры тереңде жатқан, қазақ ұлтының күні бүгінге дейін бәрінен жоғары қастерленетін қасиеттері, олардың сығымдалып түйінделген формуласы қазақтың ұлттық бітімінің құпиясын түсінуге апаратын, сәйкесінше, қастерлеп сақтауға жататын құпия кілттің тап өзі болып шығуы ғажап емес.

Осы орайда біздің мектепте қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында аталмыш бағдарламаны жүзеге асыру жолдары қарастырылған, сол дара жолдар арқылы барлық оқу және оқыту үрдісі өз барысын жүзеге асырады десек те болады. Ең бастысы, әр айдың соңғы сәрсенбісінде мектепшілік мемлекеттік тіл күніне арналған іс-шаралар міндетті түрде жиі өткізіліп тұратын дәстүр. Осы дәстүр бірнеше жылдар бойы өз мектебіміздің аясында өткізілуі арқылы болашақ ұрпақтың бойында тілге деген рухани құндылықтарын, құрмет сезімдерін қалыптастыру арқылы мемлекеттік тілді дамыту және қолданыс аясын кеңейту көзделіп отырады. Ай сайынғы сәрсенбіліктер әр сыныпта және мектептік акт залында жалпыға ортақ өткізіледі. Жалпы айына бір күн жалпы мектеп болып ай сайын мемлекеттік тіл күнін тойлаймыз. Міндетті түрде әнұраны ойнатылады, балалар қосылып айту арқылы құрмет білдіреді. Сонымен бірге мемлекеттік тілде белгілі ақын-жазушылардың поэзия, прозалық шығармаларынан үзінділер жатқа оқылады, аздаған патриоттық сахналық көріністер қойылады. Сонымен бірге қазақша, орысша, ағылшын тілдерінде викториналық сұрақтар қойылу арқылы оқушылардың сыни ойлауларын қалыптастырып, үнемі фокуста ұстап отыру көзделеді. 9-сынып оқушыларымен «Елің сүйген Елбасы» және 11 сынып оқушыларымен «Астана – ел жүрегі!» атты іс-шараларын өткізген болатынбыз.

Сонымен бірге, мектебімізде қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен сабақ беретін мұғалімдер көп болғандықтан, қазақ тілі мен әдебиетінің апталығы емес, онкүндігі өткізіледі. Осы онкүндіктерде қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен ашық сабақтар топтамасы жүргізіледі, сыныптан тыс іс-шаралар өткізіледі. Түрлі жарыстар, байқаулар, эссе конкурстары өткізілулері – барлығы да рухани жан дүниелерін байыту, жандандыру, рухани жаңғыртуға қатысты өткізілетін мақсатты көздейді. Осы онкүндіктерде «Қазақстанның ежелгі қалалары және Ұлы Жібек жолы, «Мектеп тірегі – ұстаз», «Қазақ – қонақжай халық» тақырыптарында өткізген ашық сабақтарымыз жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыратындығы айдан анық.

Сонымен бірге, мектебіміз аудандық білім беру ұйымдарының басшылары мен әкімшіліктеріне «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мектеп аясында жүзеге асырылуы бойынша атқарылып жатқан іс-шаралар бойынша тәжірибе алмасу бойынша аудандық құрылтай өткізген болатын. Аталмыш құрылтайға мектеп оқушылары өздерінің білімдері мен біліктерін қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде көрсету арқылы рухани

білім мен рухани байлықтың ұлт мүддесін көтеруге қолданушы басты құрал екендігін дәлелдей білгендей.

Сонымен бірге дәстүр бойынша өткізілетін Абай оқулары, «Жарқын болашақ», «Қостанай дарыны» өңірлік ғылыми-практикалық орталығының барлық қазақи байқауларына қатысып, белсенділік танытып жүргендігі тілге деген құрметі. Осындай іс-шаралардың тек қана білімдік мақсатты көздеуінен басқа да рухани мүддені көздеуі қуантарлық жағдай. Балаларды аталмыш іс-шараларға қатыстыру рухани жаңғыру бағдарламасына үлес қосқанымыз деп санаймыз. Балаларымыздың қазіргі заманға бейімді болуы үшін бұл аса маңызы зор шара. Республикамыздың егемендік алып тіліміздің мәртебеге ие болуына байланысты мектептердің білім беру саласында көптеген оң өзгерістер болып жатқаны баршамызға аян. Тіл мамандарына оқу процесінде оқушының сөйлеу қабілетінің дамуына әсер ететін жайға көп көңіл бөлу қажет. Себебі: тілі жетік оқушы барлық гуманитарлық пәндерден жақсы нәтиже көрсете алады. Ал тілі дамымаған шәкірт біліп тұрған білімін өз дәрежесінде жеткізе алмай қиналады. «Тіл дамыту дегеніміз –тілдік норманың жетелу, ширау, даму дәрежесі»-деп айтып кеткен екен тіл ғылымдарының ғалымы М.Балақаев. Тілдік норма жетілу үшін оқушының ауызекі сөйлеу тілін, жазба тілін дамытқан жөн.

Осындай рухани іс-шараларға қатыстыру арқылы балалардың қазақи тілдері бірнеше деңгейге ұлғаятындығын байқадық. Әсіресе, балаларды түрлі олимпиадалар мен конкурстарға, марафондарға қатыстыруда жүлделі орындарға ие болулары оған куә. Мәселен, Қазақстан интернет олимпиада, Ұлттық интернет олимпиада, «Инновационное образование» және т.б. іс-шараларындағы I, II және III орындарға ие болған Дипломдары куә (6 сынып оқушылары Васильченко Анастасия, Серебрякова Ксения, 4 сынып оқушылары Гончаров Данил, Дмитриева Юлия, Шоштанов Арлан, Чебоненко Дарья, Петрова Валерия).

Жалпы, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің сабақтарында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жоғарыда атап кеткен жолдарымен жүзеге асырылады. Жалпы, әр мектеп білім беруді рухани тұрғыда жүзеге асыру көзделсе, нұр үстіне нұр болатындығы айқындалды. Әсіресе, қазақи тілді, әдебиетті, мәдениет пен салт-дәстүрді тек қана білетін оқушылар емес, білуменен қатар тілді, дәстүрлі, әдебиет пен мәдениетті құрметтейтін, Отанына деген ыстық сезімі бар, ұлтқа бөлінбейтін, сонымен бірге жалпықазақстандықтарды құрмет тұта білетін патриоттарды тәрбиелеуде үлесі зор екендігін аңғардық.

Осындай іс-шаралар және де аздаған тәжірибеміз жайлы сыни ойларымызды, тәжірибелік білімдерімізді бұқаралық ақпарат құралдары арқылы аудандық «Әулиекөл», облыстық «Учительская плюс» және де басқа да газеттерде «Көңілден шыққан іс-шара», «Тәрбиелік мәні зор шара», «Елің сүйген Елбасы» атты мақалалар арқылы бөлісіп келеміз.

Білім беру машықтануының сапасын түрлі жолдармен арттыруда біз таңдаған осы жол тиімдірек деп ойлаймыз. Рухани жаңару арқылы әлем мойындар табысты ел болып, жарқын болашаққа деген сенім мен үмітті үндестіре отырып, баршамыз бірлік туы астында бақытқа бірге жетейік!

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. ҚР Президентінің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы, Ақ орда, 2017.

## МАЗМҰНЫ

## СОДЕРЖАНИЕ

### ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

<i>Әбіл Е. А., Университеты и их влияние на развитие регионов.....</i>	3
<i>Бережнова Е. В., Принцип информатизации образования: долгий путь научного обоснования.....</i>	6
<i>Оспанов С., «Рабғұзи қиссалары» және Ы. Алтынсарин.....</i>	10
<i>Онищенко Е.А., Координация управления взаимодействием педагогов опорных школ с целью развития исследовательских навыков учителей.....</i>	13

### СЕКЦИЯ 1. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАСЫМ ОЙЛАРЫ КОНТЕКСТІНДЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ БАҒЫТТАРЫ

#### СЕКЦИЯ 1. АКТУАЛЬНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ ПРИОРИТЕТНЫХ ИДЕЙ «РУХАНИ ЖАНҒЫРУ»

<i>Абуталипова А. Б., Салмаганбетова А.К., Рухани жаңғыру – рухани даму кепілі.....</i>	16
<i>Адиятова А. Т., Султангиреева Н. С., «Рухани жаңғыру» – жеке тұлғаға рухани-адамгершілік тәрбие берудің негізі.....</i>	19
<i>Акижанова А. Ж., Ниязбаева Б. Б., Рухани жаңғыру және латын әліпбиіне көшу – болашаққа табысты қадам.....</i>	22
<i>Алгожина Т. Ш., Исакова А. К., Рухани жаңғыру – жас ұрпаққа салынған сара жол.....</i>	25
<i>Альмагамбетова З. А., Роль классного руководителя во внедрении современных тенденций образования программы «рухани жаңғыру».....</i>	28
<i>Арсеева С. Б., Исакова Ш. С., Педагогические идеи и.алтынсаринана уроках русского языка и литературы.....</i>	30
<i>Артёмова Е. М., Роль методологии как концептуальной основы модернизации образования в РК в контексте «рухани жаңғыру».....</i>	35
<i>Ахметов Т. А. Изучая наследие Ибрая Алтынсарина.....</i>	40
<i>Балгабаева Г. З., Байжанова С. А., «Рухани жаңғыру» басым идеялары негізінде заманауи білім берудің өзекті бағыттары.....</i>	43
<i>Балжанова А. М., К вопросу о воспитании патриотизма современной казахстанской молодежи.....</i>	46
<i>Бейбитқызы Г., «Рухани жаңғыру» басым ойлары контекстінде заманауи білім берудің бағыттары.....</i>	50
<i>Бекбосынова Н. С., Современные тенденции образования в РК в контексте «Рухани жаңғыру».....</i>	53
<i>Бектурганова Р. Ч., К вопросу об осмыслении обновления содержания образования.....</i>	58

<i>Берденова А. С.</i> , «Воспитательный потенциал социума в формировании активной позиции личности: сохранение духовно-нравственных ценностей, интереса и уважения к истории, культуре и традициям родного края».....	61
<i>Борамбаева А. Б., Изделева Г. А., Нурканова А. Т.</i> , «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жүзеге асыру жолдары.....	64
<i>Виниченко О. В., Шатских А. А., Синнер Т. А.</i> , Воспитание толерантности у младших школьников, как одно из приоритетных направлений в рамках программы «Рухани жаңғыру» .....	67
<i>Даумова Б. Б.</i> , К вопросу о формировании этнотолерантных качеств молодежи в контексте « рухани жаңғыру» .....	70
<i>Должикова И. И.</i> , The theoretical aspects of integration natural-mathematical cycle and english.....	75
<i>Досмухамедова Р. К.</i> , Реализация общенациональной идеи «Рухани жаңғыру» на уроках географии и краеведения.....	78
<i>Жанабаева А. Т.</i> , Творчество – высшая форма активности педагога и учащихся.....	82
<i>Жургумбаева А. А.</i> , Рухани жаңғыру – жаңартылған білім беру мазмұны білімнің жаңа сапасының кепілі .....	85
<i>Журкубаева Г. Т.</i> , Краеведение, как фактор развития исследовательской деятельности.....	88
<i>Игисенова У. С., Михеева М. В., Соболева Н. В.</i> , Актуальные направления современного образования в контексте приоритетных идей «Рухани жаңғыру».....	91
<i>Исетова Б. К.</i> , «Военно – патриотическое воспитание и реализация идейной платформы «Рухани жаңғыру» на уроках математики» (на примере историко-краеведческого материала г.Костаная).....	95
<i>Ишмухамбетова Б. М.</i> , Применение многоязычия в современной образовательной системе.....	99
<i>Кабылдина А. Т., Шакиржанова Ж. М., Копбаева А. Г.</i> , «Рухани жаңғыру» басым ойлары контекстінде заманауи білім берудің өзекті бағыттары.....	102
<i>Кажохметова Д. Б., Тусова А. Ж., Курмангалиева А. А.</i> , Оқушылардың оқу белсенділігін арттырудағы топтық жұмыстың тиімділігі.....	106
<i>Калимарданова Г. Д., Серикова Л. С., Бегманова К. Д.</i> , Тұлғаның өмірлік тәлімі-жаңа ұрпақты рухани және патриоттық тәрбиелеудің негізі.....	110
<i>Караичев Д. И.</i> , Формирование финансовой грамотности старших школьников через программу дополнительного образования бизнес-клуб. ....	113
<i>Кенжегалиева С. К.</i> , Мектеп мұражайы: білім мен тәрбие берудің бір бағыты.....	117
<i>Кожубаева А. Ж.</i> , История развития и своеобразие прикладного искусства казахского народа на примере ковроткачества.....	122
<i>Курманова А. А., Бекбаева С. Т., Утенова З. Т.</i> , Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа білім беру жүйесі.....	126
<i>Көшегалина А. М.</i> , Ыбырай Алтынсариннің ағарту – педагогикалық мұраларын қазіргі кездегі білім саласында қолдану.....	128
<i>Қайырбек А. К.</i> , Тьютор - как элемент педагогической деятельности.....	132
<i>Леванова Т. А.</i> , Тьюторское сопровождение профессионального самоопределения обучающихся в условиях общеобразовательной школы.....	134
<i>Мельникова Т. В., Мехова А. И., Булатова Р. Г.</i> , Современные тенденции развития начального общего образования в рамках программы «Рухани жаңғыру».....	138
<i>Миничкина С. Б.</i> , Творческое и духовное развитие учащихся в студии эстрадного вокала «солнышко».....	142
<i>Мухамбетжанова З. С., Колдасбаева Е. Д.</i> , Білімнің салтанат құруы рухани жаңғыру болашаққа бастар жол.....	144